



# АЗАМАТТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ. СОТ ӨНДІРІСІ, 1-БӨЛІМ (1)

Шетелдегі азаматтық сот ісін жүргізу  
және Англиядағы азаматтық сот  
төрелігі




1. Құқықтық жүйелердің сыныпталуы және азаматтық сот өндірісінің түрлері.
2. Азаматтық сот өндірісінің бәсекелестік түрі.
3. Азаматтық сот өндірісінің инквизициялық түрі.
4. Қазіргі азаматтық сот өндірісінің даму тенденциялары және жалпы ерекшеліктері.
5. Ағылшын азаматтық процесінің тұрақты белгілері.

## 1. АЗАМАТТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДЕГІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Елдің құқықтық жүйесінің ерекшеліктері мен азаматтық сот ісін жүргізу ерекшелігі арасындағы өзара байланыс:



Қазіргі құқықтық жүйелер арасындағы өзара байланыс және шетелдік азаматтық іс жүргізудің сипаттамасы:




### Азаматтық құқық саласына тән белгілер:

(Рим құқығының ықпалымен құрылған)

- жеке және жария құқыққа бөлінуі;
- азаматтық құқықтың басым дамуы;
- кодификация идеясы;
- заң үстемдігі және оған сот практикасының бағыну идеясы (судья бұрыннан бар заңдарды қолданады);
- құқықтық нормалардың абстрактілігі, олардың жалпы және арнайы болып бөлінуі;
- дамыған құқық теориясының болуы;
- құқықтық нормаларды құруда және жетілдіруде құқықтық ғылымның ерекше маңызы.

### Курлықтық құқық саласына кіретін құқықтық отбасылар (роман-герман немесе азаматтық)



### Жалпы құқық саласына тән белгілер:

(Ағылшын корольдік соттарының қызметі барысында Рим құқығының ықпалына қарамастан қалыптасқан)

- құқықтың жалпы және әділдік құқығына бөлінуі;
- кодификацияның болмауы;
- құқықты дамытудағы сот тәжірибесінің жоғары рөлі;
- сот прецедентінің болуы;
- құқықтық нормалардың казуистикалық сипаты (нақтылығы);
- іс жүргізу құқығының басым дамуы;
- құқық ғылымның тәжірибе бағытында дамуы.

### АҚШ құқығындағы азаматтық процестің ерекшеліктері

(АҚШ құқығы-ағылшын құқығының американдық нұсқасы)

- дәлелдемелерді сотқа дейінгі жинау тәсілдерінің ерекшелігі (discovery)
- талап қою арыздарын біріктіру тәсілдерінің ерекшелігі (класстық талап қою процедурасы – «class action»)
- алқабилер сотының ауқымды қолданылуы
- соттарға «tag jurisdiction» (өтпелі сот) және «long-arm jurisdiction» («ұзақ мерзімді» («ұзын қолды») сот) түріндегі кең ауқымды сот мүмкіндігін беру.

### Тарихи қалыптасқан азаматтық сот өндірісінің түрлері және олардың айырмашылықтары:

Инквизициялық (tergeу – «inquestorial») – континенталдық құқық саласына тән.

Жалпы құқық саласындағы бәсекелестік (тараптардың қарсыласу жүйесі – «adversary»).

### ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ:

- соттағы дәлелдеудің ерекшелігіне ықпал ететін процестегі сот пен тараптардың жағдайы (ерекшелендіретін негізгі белгі);
- АПК қайнар көздерінің құрамы;
- сот төрелігін іске асыру туралы ережелерді кодификациялау;
- азаматтық іс жүргізудің жекелеген қағидалары мазмұнының ерекшеліктері (бәсекелестік, ауызша);
- іс жүргізу нысанының формализмділік және дифференциация дәрежесі;
- арнайы іс жүргізу институттарының болуы (ағылшын-американдық іс жүргізуде топтық талаптар қою, алқабилер сотының болуы және соған байланысты ережелер, роман-герман процесінде алдын



ала талап қою конструкциясы).

## 2. АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ТҮРІ

Бәсекелестік азаматтық процестің белгілері:

- соттың пассивті рөлі;
- тараптар белсенділігінің жоғары дәрежесі;
- процестің барлық сатыларында істі жүргізу бастамасының тараптарға тиесілігі;
- тараптардың дәлелдемелерді зерттеу процедурасын бақылау мүмкіндігі.

### Азаматтық процестің бәсекелестік түріндегі тараптардың іс-әрекеттері:

Адвокаттар арқылы істі сот талқылауына дайындау - Дәлелдемелер жинау, куәларды шақыру және сараптама тағайындау туралы мәселелерді шешу, бәсекелестік құжаттарымен және іс бойынша жиналған дәлелдемелермен алмасу.

Істің тыңдалуын өткізу (іс жүзінде соттың араласуынсыз) - Адвокаттардың кіріспе және қорытынды сөздері, дәлелдемелер ұсыну, куәлардан жауап алу, жазбаша және заттай дәлелдемелерді зерттеу.

### Азаматтық процестің бәсекелестік түріндегі соттың рөлі:

1. Сот-процесс барысын сырттай (бөгде) бақылаушы: тараптардың жинағанын, ұсынғанын және зерттегенін бағалау, тиісті заңды қолдану арқылы іс бойынша шешім шығару;
2. Істің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру: сот отырысы залында тәртіпті қамтамасыз ету, тараптардың теңдігі қағидаты мен процедураның сақталуын қамтамасыз ету;
3. Іс жүргізу мәселелері мен тараптардың келіспеушіліктерін шешу: мысалы, куәға қойылған сұрақтарды алып тастау жөніндегі наразылық, талқылауды кейінге қалдыру, дәлелдемелерді ашып көрсету жөніндегі сот бұйрығын шығару және т.б. өтініштерді қабылдау немесе қабылдамау.

### Тараптардың белсенділігіне және соттың пассивті болуына байланысты бәсекелесу процесіне тән ерекшеліктер

Айрықша белгі	Тиісті белгінің көрінісі
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Адвокаттың істі қараудағы ерекше рөлі;</li> <li>2. «Сұрақ-жауап» нысанында куәгерден жауап алу;</li> <li>3. Іс жүргізудің партизандық әдістері;</li> <li>4. Судьяға қажетті психологиялық әсер етуге мүмкіндігі бар және тараптар ұстанып отырған позицияның шынайылығына сенуге мәжбүрлейтін жеке дәлелдеу құралдарының ерекше маңызы;</li> <li>5. Формальды (сот) ақиқат қағидатының іс-әрекеті;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Заңи сауаты жоқ тараптар соттың көмектесуге құқығы болмағандықтан адвокаттарға жүгінуге мәжбүр;</li> <li>2. Жауап алу екі кезеңге бөлініп жүргізіледі: негізгі (тікелей) жауап алуды - куәгерді <ul style="list-style-type: none"> <li>• шақырған тараптың адвокаты жүргізеді;</li> <li>• тұс-тұсынан жауап алуды (айқас жауап алуды) - қарсы тараптың адвокаты жүргізеді;</li> </ul> </li> <li>3. Бұл процестің тараптарына өз ұстанымын қорғау және қарсыластың дәлелдемелерін соттың қабылдамауы үшін барлық қол жетімді заңды құралдарды пайдалануға мүмкіндік беретін іс жүргізу ережелері (мысалы, куәгерлердің беделін түсіру немесе оларға сенімнің үзілуі әдістерін қолдану);</li> <li>4. Егер адвокат соттың назарын жазбаша және заттай дәлелдемелерге аударғысы келсе, онда олар куәгерлік айғақтар арқылы зерттеледі;</li> <li>5. Сот міндетіне істің нақты мән-жайларын анықтау емес, тараптар арасындағы дауды олар ұсынған материалдар негізінде шешу кіреді.</li> </ol>



### 3. АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ИНКВИЗИЦИЯЛЫҚ ТҮРІ

Азаматтық істі қарауда судьяның белсенді ролін белгілейтін континентальды құқықтық жүйедегі азаматтық процестегі тергеушілік қағидасының үстемдігі- тарихи себептердің салдары.

Классикалық инквизиция жүйесінің белгілері:

- құпиялық;
- жазбаша түрде жүру;
- іс жүргізу өкілдігіне жол бермеу;
- дәлелдемелерді формальды бағалау.

Буржуазиялық революциялар толқынынан туындаған сот реформалары нәтижесінде XIX ғасырда классикалық инквизициялық жүйе жойылды.

Қазіргі құрлықтық Еуропа елдерінің азаматтық іс жүргізуіндегі «инквизициялық» («тергеу») ұғымы шартты түрде ғана қолданылады, себебі бұл процесте тергеудің де, бәсекенің де белгілері араласып кеткен.

Азаматтық процестің инквизициялық сипаты негізінен дайындық сатысында және дәлелдемелерді сот процесінде зерттеуде көрініс табады, өйткені бұл әрекеттердің барлығы соттың басшылығымен және белсенді қатысуымен жүргізіледі.

#### Инквизициялық және бәсекелестік процестегі сот пен тараптардың рөлі:

№	Процестің түрі	Соттың рөлі	Процес тараптарының рөлі
1	Бәсекелестік процесс	Пассивті	Белсенді
2	Инквизициялық процесс	Белсенді	Пассивті

#### Инквизициялық азаматтық процестегі соттың рөлі, өкілеттігі:

Істі сот талқылауына дайындау.

Іс-әрекеті: тараптарға олардың іс жүргізудегі құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, куәларды шақыру және т.б. мәселелерді шешу (мысалы, ҚР АПК 165-бабы.)

Дәлелдемелердің жиналуын бақылау.

Іс-әрекеті: сот дәлелдеу нысанасын айқындайды, дәлелдеу бойынша міндеттерді бөледі, сараптама тағайындау туралы және ұсынылған дәлелдемелерді іс материалдарына қоса тіркеу мәселелерін шешеді.

Дәлелдеу шегін анықтау: сот қажетті және жеткілікті дәлелдемелер шеңберін айқындайды.

Сот отырысында дәлелдемелерді зерттеуге басшылық жасау. Мысалы, ҚР АПК 208-215-баптар.

#### Тараптардың инквизициялық азаматтық процестегі құқықтары:

1) өкімдік әрекеттерге қолданылатын шектеулі сипаттағы бастама (талап қоюды тану немесе одан бас тарту, бітімгершілік келісім және т. б. сияқты)

2) басқа да бірқатар іс жүргізу әрекеттері (өтініш хаттар беру құқығы, қарсылық білдіру және т. б.).

#### Құрлықтық Еуропа елдері азаматтық процесінің ерекше белгілері:

- сотта тараптардың мүдделерін қорғау үшін олардың кәсіби заңгерлерінің өкілдік ету қажеттілігі (адвокаттық монополия);
- процесте туындайтын барлық құқықтық қатынастар тек сот арқылы құрылады (Тараптар жарыссөз қағаздарымен тек сот арқылы алмасады, барлық сұрақтар тек сот арқылы қойылады);
- сотқа бірқатар құқықтардың берілуі, соның ішінде: тараптарды қосымша дәлелдемелер беруге міндеттеу құқығы; қайталама немесе қосымша сараптама тағайындау құқығы; Австрия, Германия, Скандинав елдері, Грекия сияқты елдерде заңмен белгіленген шеңберде және жағдайларда дәлелдемелерді тараптардың бастамасы бойынша жинауға мүмкіндік беру құқығы (фактілерді дербес тергеу қағидаты);
- куәнің жауап беруіне тараптар бақылауының болмауы- оған істің мән-жайын еркін нысанда



баяндауға мүмкіндік беріледі, содан кейін оған сұрақтар қойылуы мүмкін. Сот куәдан жауап алуға басшылық жасайды, ол тараптың өтінішін күтпестен, оған сұрақтар қоюға құқылы;

- материалдарды толықтыру үшін сот талқылауын кейінге қалдыру мүмкіндігіне байланысты процестің бөлшектелген (эпизодтық) сипаты.

#### **4. ҚАЗІРГІ АЗАМАТТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

АПК-н қазіргі дамуындағы негізгі тенденция -сот өндірісінің екі түрінің екіжақты жақындасуы.

Сот ісін жүргізудің континенттік жүйесі: бүгінде аралас сипатқа ие (инквизициялық және бәсекелестік элементтері араласқан).

Ағылшын-американдық процесс: роман-герман жүйесінің кейбір элементтерін қабылдауда.

#### **Сот өндірісі жүйелерінің жақындасуының негізгі бағыттары:**

1. Сот өндірісі түріне тән заң мен сот практикасы дәстүрлі арақатынасының өзгеруі – сот төрелігінің бәсекелестік жүйесі бар елдерде - заң рөлінің өсу үрдісі байқалады, ал континенттік елдерде – соттың рөлі өсуде: соттарға белгілі бір прецедентті ұстану, сот практикасын қорыту негізінде жоғары тұрған соттар шығарған қағидаттарды орындау міндеті жүктеледі (мысалы, ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулылары қолданыстағы құқықтың құрамына енгізілген және барлық соттар үшін міндетті болып табылады);
2. Процестің ұқсас қағидаттарының әрекеті – екі жүйеде де бәсекелестік процесті дамыту қазіргі уақытта тараптар мен сот белсенділігінің оңтайлы арақатынасы ретінде түсіндіріледі. Ағылшын-американ жүйесінде іс қозғалысын басқарудағы соттың белсенділігі күшеюде (мысалы, 1999 ж. ағылшын сот өндірісі реформасының нәтижесінде сот тараптарға тез және аз шығынмен істі қарауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіндей түсініктемелер беруге, тиісті анықтамалар қабылдауға кең өкілеттіктерге ие болды). Континентальды жүйеде сот белсенділігі біртіндеп тараптардың бастамашылығына жол беруде (мысалы, 2015 жылғы ҚР АПК сәйкес сот өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді жинау құқығынан айырылды және ондай міндеттен босатылды).

#### **Азаматтық процестің дамуындағы жалпы тенденциялар (үрдістер):**

- азаматтық процестің дифференциациясы: екі жүйеде де сот жүйесінің әртүрлі буындарында жекелеген санаттағы істерді қарау ерекшеліктері, жеңілдетілген рәсімдер (процедуралар), мамандандырылған соттар орын алуда.
- соттық қорғауға қол жеткізу, сот жұмысының шектен тыс көп болуы мәселелерін баламалы және сотқа дейінгі рәсімдерді (процедураларды) дамыту арқылы шешу, негізгі салмақты медиацияға салу.
- мемлекеттік күштің сот билігін құруға талпынуы, судьялардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету, сот ведомстволығын кеңейту, АПК-і жетілдіру.

Көптеген елдердің АПК саласындағы қазіргі жағдайы: жаппай реформалар (Англия, Германия, Франция, Венгрия, ТМД елдеріндегі сот өндірісі реформалары, оның ішінде Қазақстанда - қазіргі қолданыстағы АПК 31.10.2015 ж. қабылданды).

#### **5. АҒЫЛШЫН АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСІНІҢ ТҰРАҚТЫ БЕЛГІЛЕРІ**

1998 жылға дейін Англияның іс жүргізу құқығы, әдетте, судьяларға сотқа дейінгі сатыда істі басқару бойынша өкілеттік бермеген еді (бірақ Вульф реформаларына дейін де істі басқару ыңғайлы құрал ретінде Коммерциялық сотта яғни, сот төрелігінің Үлкен сот бөлімшесінде қолданылып келді).

Азаматтық сот өндірісі ережелеріне сәйкес (Civil Procedure Rules) (бұдан әрі – «АСЕ») – судьяларға азаматтық істерді басқару бойынша үлкен өкілеттіктер берілді (әсіресе, ірі талап-арыздарға қатысты).

1998 жылғы кодификациялау мақсаттарының бірі - Англиядағы сот талқылауының мәдениетін өзгерту, яғни азаматтық процестің қарсыласу стилінен ынтымақтастыққа ауысуы.

Нил Эндрюстің пікірінше, ағылшындық азаматтық процес өте қатаң американдық жүйе мен сотқа





бағытталған континентальды дәстүр жүйесі арасында орташа орын алады. Нил Эндрюс мұның дәлелі ретінде мынадай дәлелдерді келтіреді:

Ереже мен ереже мазмұнын тарқатып айтамыз:

Дәлелдемелерді ашу туралы ағылшын нормалары құжаттарды ашу шектеріне қатысты өте қатаң талаптарды белгілейді. Мазмұны: тараптардың әрқайсысы енді келесі құжаттарды ашуға және тексеру үшін ұсынуға тиіс:

- өз дәлелдерінің негіздемесі болатын құжаттар;
- қарсы тараптың позициясына немесе өзінің позициясына қолайсыз әсер ететін құжаттар;
- қарсы тарап позициясын күшейтетін құжаттар.

Коммерциялық істерде тым кең сұрауларға жол бермеу. Мазмұны: дәлелдемелерді сотқа дейін ашуға байланысты бақылауды күшейту;

Англияда жалпы юрисдикция соттарында талқылаулар кезінде заң қызметтері үшін заңгерлерге шартты сыйақы беру туралы АҚШ-та қабылданған келісімдер әзірше қолданылмайды. Мазмұны: америкалық жүйеде – заңгерлердің сыйақысы тағайындалған немесе өндіріп алынған зиян сомасының пайызы ретінде анықталады;

Тараптардың дербестігін және сот пен тараптар өкілеттіктерінің ара қатынасын қамтамасыз ету қажеттілігі. Мазмұны: ағылшын судьялары тараптардың мынадай іс жүргізу құқықтарына құрметпен қарауға тиіс:

- даудың нысанасын анықтау.
- куә айғақтарын және өзге де дәлелдемелерді жинау, өңдеу әрі ұсыну жолымен талап қоюды іс жүзінде қолдауға және оған қарсылық білдіруге қатысты жеке шешімдер қабылдау.
- егер сот істе сараптама қорытындысын қолдануға рұқсат берсе, тараптар өз сарапшыларын таңдауға және тағайындауға әрі осылайша, талқылау барысында өз қорытындыларын дәлелдемелер ретінде пайдалануды қамтамасыз етуге құқылы.
- тараптар құқық мәселелері бойынша өз ұстанымдарын (позицияларын) тұжырымдау (талап-арызға немесе оған қарсы болуға қатысты) және аталған ұстанымдарды (позицияларды) қолдау үшін заңнамаға немесе прецеденттерге сілтемелер ұсыну құқығын сақтайды.

1998 ж. АСЕ (ПГС) қабылданғанға дейін Англияның азаматтық процес жүйесіне тән ерекшеліктер (Н. Эндрюс)

- Англияда негізінен барлық азаматтық істерді бірінші инстанцияда басқа судьялар мен алқабилердің қолдауынсыз кәсіби судьялар жеке-дара қарастырады (қазір алқабилер соты азаматтық істерде тек кейбір деликтілік талап қоюларға қатысты қолданады – жала жабу, теріс пиғылды соттық қудалау және заңсыз бас бостандығынан айыру туралы).
- ірі талап қоюларды қарастыру кезінде істі қараудың бірқатар ерекше аралық және сотқа дейінгі қарастыру кезеңдері мен құқықтық қорғау құралдары қолданылады.
- талқылау келесі қағидатқа сәйкес жүзеге асырылады: сот әрбір қатысушыдан, егер соңғысы сот ісін жеңілген болса, оның оппонентінің заң қызметтері үшін төлеген негізгі шығындарын төлеп беруді талап ете алады. Шығындарды бөлу туралы бұл норма жиі қолданылады, себебі Англиядағы заң қызметтеріне көп шығын кетеді.
- сот заңгерлерінің кәсіби бөлінуі сақталды: іске қатысты жалпы бақылауды солиситорлар жүзеге асырады. Олар белгілі бір функцияларды (атап айтқанда, сотта клиенттің мүдделерін өкіл ету және «құқық пен дәлелдер мәселелері бойынша консультация беруді») маман – барристерлерге тапсырады (ескерту: Англияда заңгерлерді солиситорлар мен барристерге дәстүрлі бөлу сақталуда. Трихта сотқа қатысу құқығы тек барристерлерге ғана берілетін, бірақ қазіргі уақытта солиситорлар тиісті емтихандарды тапсырып, бұл құқыққа қол жеткізе алады).
- іс соттың қарауына сирек жетеді, себебі тараптар көбінесе істі бейбіт жолмен шешеді және істер көпшілігі бойынша тараптар өзара қолайлы келісімге келіп жатады.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Здрок О.Н. «Гражданский процесс зарубежных стран». Курс лекций: Учебное пособие. – Мн.: БГУ, 2004. – 147 с.



Кітап: Азаматтық іс жүргізу. Сот өндірісі, 1-бөлім (1)

Дәріс: Шетелдегі азаматтық сот ісін жүргізу және Англиядағы азаматтық сот төрелігі

2. Решетникова И. В. «Основные черты системы противоборства сторон» // Российский юридический журнал. - 1993. - №2. - С.66–73.
3. Решетникова И. В. «Доказательственное право Англии и США». - М., 1999.
4. Осакве К. «Сравнительное правоведение в схемах: Общая и особенная части». - М., 2002.
5. Эндрюс Н. «Система гражданского процесса Англии: судебное разбирательство, медиация и арбитраж» // пер. с англ.; под ред. Р.М. Ходыкина; Кембриджский ун-т. – М.: Инфотропик Медиа, 2012. – 544 с.
6. Айдарбаев С.Ж., Түменбаев С.А. «Қазақстан Республикасының және шетелдердің азаматтық іс жүргізу құқығы». Оқу құралы. - Алматы: Таңбалы баспасы, 2012. - 270 бет.